

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»  
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Ә.Бүркітбаев атындағы энергетика және машина жасау институты

«Энергетика» кафедрасы

Әбу Сағи Шалқарұлы

" Жиназ өнеркәсібінің автоматтандырылған электр жетегін есептеу және жобалау "

**ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС**

6В07101 – «Энергетика» мамандығы

Алматы 2024

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық  
емес акционерлік қоғамы

Ә.Бүркітбаев атындағы энергетика және машина жасау институты

«Энергетика» кафедрасы

ДОПУЩЕН К ЗАЩИТЕ  
НАО «КазНУТУ им.К.И.Сатпаева»  
Институт энергетики  
и машиностроения

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ  
«Энергетика» кафедрасының  
менгерушісі  
PhD, қауымдастырылған профессор  
Е.А.Сарсенбаев  
« 27 » 06 2024 ж.

### ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: «Жиһаз өнеркәсібінің автоматтандырылған электр жетегін есептеу және  
жобалау»

6B07101 – «Энергетика» мамандығы

Орындаған:

Әбу С.Ш.

Підпр. беруші  
Техника ғылымдарының докторы,  
профессор



М. А. Мустафин  
« 06 » 2024 ж.

Ғылыми жетекші техника  
ғылымдарының кандидаты  
аға оқытушы

Б.М. Бегентаев  
« 27 » 06 2024 ж.

Алматы 2024

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»  
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Ә.Бүркітбаев атындағы энергетика және машина жасау институты

«Энергетика» кафедрасы

6B07101 – «Энергетика» мамандығы

**БЕКІТЕМІН**

«Энергетика» кафедрасының  
меңгерушісі

қауымдастырылған профессор

Е.А.Сарсенбаев

«25» 01 2024 ж.

**Дипломдық жобаны орындауға  
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Әбу Сағи Шалқарұлы.

Тақырыбы: Жиһаз өнеркәсібінің автоматтандырылған электр жетегін есептеу және жобалау Университеттің академиялық мәселелер жөніндегі проректорының 04.12.2023 ж. № 548-П/Ө бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі \_\_\_\_\_.

Дипломдық жұмыстың бастапқы берілістері: Жиһаз өнеркәсібінде қолданылатын станоктың электр жетегін есептеу.

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі: Жиһаз өнеркәсібінде қолданылатын станоктың электр жетегін есептеу және зерттеу жүргізу. Зерттеу кезінде алынған мәннің дұрыстығын тексеру және электр жетегінің тәуелділік графиктерін тұрғызу

Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)

Сызба материалдары слайдтарда көрсетілген




Ұсынылатын негізгі әдебиет 10 атау




Дипломдық жұмысты дайындау  
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекшіге көрсету мерзімдері	Ескерту
Негізгі бөлім	05.02.24-20.03.24	—
Арнайы бөлім	07.05.24-22.05.24	—

Дипломдық жұмыс бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының аяқталған жұмысқа қойған қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілердің аты-жөні, (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Негізгі бөлім	Б.М. Бегентаев, техника ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы	3.06.2024	
Арнайы бөлім	Б.М.Бегентаев, техника ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы	06.06.2024	
Норма бақылау	Ә.О.Бердібеков, магистр, аға оқытушы	14.06.2024	

Ғылыми жетекшісі \_\_\_\_\_

  
(қолы)

Б.М. Бегентаев

Тапсырманы орындауға алған студент \_\_\_\_\_

(қолы)

Әбу С:Ш.

Күні «25» 01 2024ж.

## АНДАТПА

Дипломдық жұмыста “Жиһаз өнеркәсібінде қолданылатын станоктың электр жетегін есептеу” қарастырылады. Жалпы өнеркәсіпте қолданылатын электр қозғалтқыштарын түсіндіру және қолданыстағы ерекшеліктері мен кемшіліктерін сараптау жүргізеді. Қозғалтқыштың мүмкін болатын ең дәл мәндерін анықтау есептеулерін жүргізумен қатар қозғалтқыштың параметрлерінің өзара тәуелділік графиктерін программалау тілдерінің көмегімен тұрғызу қарастырылады. Электр жетегін автоматтандыру жұмыстың негізгі бөлігінің бірі. Жұмыстың нәтижесінде, біз автоматтандырылған және дұрыс есептеулер жүргізілген электр жетегін аламыз.

## АННОТАЦИЯ

В дипломной работе рассматривается «Расчет и проектирование автоматизированного электропривода мебельной промышленности». Объясняет особенности и недостатки. Помимо проведения расчетов по определению максимально точных значений двигателя рассматривается построение графиков взаимозависимости параметров двигателя с использованием языков программирования. Автоматизация электропривода – одна из основных частей работы. В результате работы получаем автоматизированный и правильно рассчитанный электропривод.

## ANNOTATION

The thesis examines “Calculation and design of an automated electric drive for the furniture industry.” Explains electric motors used in general industry and reviews their features and disadvantages. In addition to carrying out calculations to determine the most accurate engine values, construction of graphs of the interdependence of engine parameters using programming languages is considered. Electric drive automation is one of the main parts of the work. As a result of the work, we obtain an automated and correctly calculated electric drive..

## МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	7
1	Жиһаз өнеркәсібінде қолданылатын электрлік қозғалтқыш түрлері	8
1.1	Қадамдық қозғалтқыштар: ерекшеліктері, қолдану салалары	8
1.2	Сервомоторлар: құрылғы, сипаттамалары, қолданылуы	9
1.3	Асинхрондық қозғалтқыш: жұмыс істеу принципі, артықшылығы мен кемшіліктері	10
1.3.1	Асинхронды қозғалтқыштың негізгі құрам бөліктері және жұмыс істеу принципі	10
1.3.2	Асинхронды қозғалтқышта айналу моментінің пайда болуы	11
1.3.3	Асинхронды қозғалтқыштағы ротордың сырғанауы	13
1.3.4	Ротордағы электрлік жиілік	14
1.3.5	Асинхронды қозғалтқыштың эквивалентті электрлік тізбегі	14
1.3.6	Роторлық тізбектің моделі	15
1.3.7	Асинхронды қозғалтқыштың эквивалентті тізбегінің соңғы түрі	18
1.3.8	Асинхронды қозғалтқыштардың қуаты мен моменті	19
2	MetalMaster OSA-400 N-2.2 абразивті кесу машинасы	23
3	Асинхронды қозғалтқыштың негізгі сипаттамаларын анықтау эксперименттік жолмен анықтау	24
4	Теориялық анализ	31
5	MetalMaster OSA-400 N-2.2 абразивті кесу машинасын автоматизациялау процесі	36
6	Асинхронды қозғалтқышты басқаратын тізбекті есептеу	40
	Қорытынды	44
	Қолданылған әдебиеттер тізімі	45

## КІРІСПЕ

Өнеркәсіптегі жиһаз өндірісінде электрлік қозғалтқыштарды қолдану және автоматтандыру тақырыбына арналған дипломдық жұмыс заманауи электрлік қозғалтқыштарды пайдалану арқылы өндірістік процестерді жетілдіру мәселесіне арналған. Атап айтқанда, бұл жұмыста BELMASH CBS-2000 айналмалы станогында асинхронды қозғалтқышты пайдалану анализі қарастырылады, бұл жиһаз өндірісінде кеңінен қолданылады.

Қазірге таңда жиһаз өнеркәсібінде әр түрлі электрлік қозғалтқыштар қолданылуда. Солардың негізгі түрлері: кадамдық қозғалтқыштар, сервомоторлар және асинхронды қозғалтқыштар. Электрлік қозғалтқыштың соңғы түрі асинхронды электрлік қозғалтқыштар өздерінің сенімділігі, тұрақтылығы және тиімділігіне байланысты ең көп таралған қозғалтқыш түрлерінің бірі болып табылады. Мұндай қозғалтқыштарды жиһаз өнеркәсібінде қолдану материалдарды өңдеудің сапасын арттырумен қатар, еңбек өнімділігін елеулі түрде жоғарылатуға мүмкіндік береді. Осы дипломдық жұмыста аталған станокта асинхронды қозғалтқышты пайдалану туралы толық анализ жүргізіледі, оның пайдалану сипаттамалары мен процестерді автоматтандыру мүмкіндіктері бағаланады.

Бұл жұмыстың мақсаты - асинхронды қозғалтқыштар негізінде модернизациялау және автоматтандыру арқылы жиһаз өндірісіндегі өндірістік процестерді қалай жақсартуға болатынын зерттеу. Жұмыс теориялық бөлімнен тұрады, онда асинхронды қозғалтқыштардың жұмыс принциптері мен ерекшеліктері қарастырылады, сондай-ақ практикалық бөлімде осы білімдер BELMASH CBS-2000 станогының нақты мысалында қолданылатыны көрсетіледі.

Зерттеу электрлік қозғалтқыштарды жиһаз өндірісінде қолдануды жақсарту және одан әрі автоматтандыруға бағытталған ұсыныстармен аяқталады, бұл бүкіл сала үшін тиімділікті арттыруға ықпал етуі мүмкін.

# **1 Жиһаз өнеркәсібінде қолданылатын электрлік қозғалтқыштар түрлері**

## **1.1 Қадамдық қозғалтқыштар: ерекшеліктері, қолдану салалары**

Қадамдық қозғалтқыштар – электрлік қозғалтқыштардың бір түрі. Электрлік қозғалтқыштың бұл түрін жоғары позициялау дәлдігін кеңінен қажет ететін салаларда қолданады. Олардың жұмыс істеу принципі электр және магнит заңдарына негізделген және олар дискретті қозғалысты белгіленген қадамдармен жасайды. Бұл ерекшелігі нақтылықты және жоғары дәлдікті қажет ететін салаларда осы электрлік қозғалтқышты қолдану пайдалы болып табылады [1,2].

*Қадамдық қозғалтқыштардың ерекшеліктері [1,2]:*

*Дәл позиция.* Қадамдық қозғалтқыштар дәл берілген айналу бұрышына ауыса алады. Бұл әсіресе қозғалысты жоғары дәлдікпен басқаруды қажет ететін қосымшаларда өте маңызды.

*Төмен жылдамдықтағы жоғары момент.* Бұл қозғалтқыштар қозғалыс бастамасында және төмен жылдамдықта айтарлықтай айналу моментін қамтамасыз етеді, бұл үдеусіз үлкен күш қажет ететін қолданбалар үшін өте қолайлы.

Қадамдық электрлік қозғалтқыштарда ротордың нақты орны жайында ақпаратты қажет етпейді.

*Жеңіл басқару қасиеті.* Қадамдық қозғалтқышты басқару сандық сигналдар арқылы жүзеге асырылады, бұл электронды құрылғылармен және микроконтроллерлермен интеграцияны жеңілдетеді.

Қадамдық қозғалтқыштар жиһаз өндірісінде үлкен танымалдылыққа ие. Оның себебі оның қолданылу аясының кеңдігінде. Төменде қадамдық қозғалтқыштардың жиһаз өндірісіндегі әр түрлі станоктарда қолданылу мысалдары көрсетілген:

Қадамдық қозғалтқыштар сандық басқарылатын машиналардағы құралдардың орналасуын бақылау үшін өте қолайлы. Олар берілген координаттар бойынша дәл қозғалуды қамтамасыз етеді, бұл жиһазға күрделі оюлар мен егжей-тегжейлі өрнектер жасау кезінде өте маңызды.

Гравюра машиналарында қадамдық қозғалтқыштар гравюра құралын дәл орналастыру үшін қолданылады. Бұл ағаш, металл немесе пластик беттерде жұқа және дәл өрнектер жасауға мүмкіндік береді.

Қадамдық қозғалтқыштар кесу құралдарының қозғалысын басқару үшін қолданылады. Бұл кесуді жоғары дәлдікпен орындауға мүмкіндік береді. Осының нәтижесінде жиһаздың күрделі компоненттерін өндіру жеңілдейді.

Қадамдық қозғалтқыштар жиһаз өндірісін автоматизациялау және роботтандыру кезінде маңызды компонентінің бірі болып табылады. Өйткені, құрал-жабдықтардың қайталанбалы қозғалысы мен кеңістіктегі орнын жоғары дәлдікпен анықтау мақсатында қолданылады.

## **1.2 Сервомоторлар: олардың ерекшеліктері мен қолданылу салалары**



Сервомоторлар – бұл әр түрлі автоматтандырылған жүйелерде басқарудың жоғары дәлдігін қамтамасыз етуге арналған қозғалтқыштардың мамандандырылған түрі. Бұл қозғалтқыштар біліктің орналасуы мен жылдамдығын үнемі реттейтін, осылайша дәл және тиімді басқаруды қамтамасыз ететін кері байланыс құрылғыларымен жабдықталған [3,4].

*Сервомоторлардың ерекшеліктері [3,4]:*

*Жоғарғы дәлдік.* Сервомоторлар позиция датчиктерінен кері байланысты пайдалану арқылы өте дәл орналасуды қамтамасыз етеді.

*Жылдам жауап.* Бұл қозғалтқыштар басқару командаларына тез жауап бере алады, бұл жылдам позицияны өзгертуді қажет ететін динамикалық қосымшаларда өте маңызды рөл атқарады.

*Төмен жылдамдықтағы жоғары момент.* Сервомоторлар төмен жылдамдықта да моментін сақтайды, бұл оларды төмен жылдамдықта айтарлықтай күшті қажет ететін қолданбалар үшін өте қолайлы етеді.

Сервомоторлар әдетте өлшемі жағынан қолайлы және сенімді болып келеді. Дамыған технологиялар мен орнатылған датчиктердің арқасында басқа қозғалтқыштармен салыстырғанда сервомоторлар өлшемші шағын және сенімді болып өндірісте шығарылуда.

Жиһаз өндірісінде сервомоторлар маңызды рөл атқарады. Төменде осы сервомоторлардың әр түрлі қондырғыларда қолданылу мысалдары көрсетілген:

Сервомоторлар CNC станоктарында кеңінен қолданылады. бұл станоктар берілген координаттар бойынша кескіштерді дәл басқару үшін сервомоторларды пайдаланады. Сервомоторлар станоктарға күрделі фигураларды кесу процессін жоғары дәлдікпен тиімді орындауға мүмкіндік береді.

Келесі мысал сервомоторлардың лазерлік кесу машиналарында қолданылуы болып табылады. Сервомоторлар лазер басының қозғалысын басқару үшін қолданылады, бұл ағаш, пластмасса және басқа материалдарды дәл және таза кесуге мүмкіндік береді.

Сервомоторлар әр түрлі материалдарды дәл және қайталанбалы қозғалысты қамтамасыз ете отырып бүгуге көмектеседі. Сонымен қатар, олар металл мен пластиктен жасалған материалдарды бүгуге немесе майыстыру мақсатында қолданылады.


Престеу машиналарында сервомоторлар материалдарды сапалы түрде өңдеу үшін дәл қысым мен жылдамдықты қамтамасыз ете отырып жүзеге асырады.

Сервомоторлар автоматтандырылған желілерде дайындамалар мен дайын өнімдерді манипуляциялау және жылжыту жүйелерінде қолданылады.

### **1.3 Асинхронды қозғалтқыш**

### *1.3.1 Асинхронды қозғалтқыштың негізгі құрам бөліктері және жұмыс істеу принципі*

Асинхронды қозғалтқыш – бұл электр энергияны механикалық энергияға түрлендіретін электрлік қондырғы. Ол кеңінен өнеркәсіпте, тұрмыста және түрлі құрылғыларда қолданылады. Асинхронды қозғалтқыштың негізгі артықшылықтары көп. Олардың құрылымы қарапайым, сенімді және қалған қозғалтқыштармен салыстырғанда бағасының төменділігімен ерекшеленеді.



1.1 - сурет - Асинхронды қозғалтқыштың негізгі компоненттері.

Асинхронды қозғалтқыштың негізгі құрам бөліктері: статор, ротор, қаңқа және салқындату жүйесі. Асинхронды қозғалтқыштың жылжымайтын бөлігі – статор. Статордың орамдары үшфазалы айнымалы ток көзінен қоректенеді. Алайда, күнделікті тұрмыста және өнеркәсіпте бір фазалы ~220В айнымалы ток көзінен қоректенетін асинхронды қозғалтқыштар жеткілікті. Ал ротор қысқа тұйықталған орамдардан тұрады. Синхронды қозғалтқыштардың роторын тұрақты ток көзінен қоректенеді немесе тұрақты магнит көзінен тұрады.

Асинхронды қозғалтқыштардың жұмыс істеу принципі электромагниттік индукция заңына негізделген. Айнымалы ток көзінен қоректенетін статорда айнымалы магнит өрісі пайда болады. Пайда болған магнит өрісі роторда ЭДС және бір сөзбен айтқанда айнымалы ток тудырады. Ротордағы айнымалы ток өзінің айналасында айнымалы магнит өрісін тудырады. Ротордың және статордың магнит өрістері бір-бірімен әсерлесіп, нәтижесінде ротор сағат тілімен немесе сағат тіліне қарсы қозғала бастайды.

### *1.3.2 Асинхронды қозғалтқышта айналу моментінің пайда болуы*

Асинхронды қозғалтқыштың статорына 3 фазалы айнымалы ток көзі жалғанған. Статордағы айнымалы ток көздері 2а-сурет көрсетілгендей сағат тіліне қарсы айналатын  $B_s$  магнит өрісін тудырады.



1.2 - сурет - (а) айналмалы статордың магнит өрісі ротордың стерженьдерінде индукцияланған кернеу тудырады. (b) ротордағы кернеу роторда ток тудырады, ротордың индуктивтілігінің әсерінен ол ток кернеуден әрдайым қалып отырады. (с) ротордағы ток  $90^\circ$  қалып отыратын  $B_R$  магнит өрісін тудырады, және  $B_R$  мен  $B_{net}$  әсерлесуінің әсерінен сағат тіліне қарсы момент пайда болады [5].

Магнит өрісінің жылдамдығы төмендегі формуламен табылады:

$$n_{sync} = \frac{120 f_{se}}{P} \quad (1.1)$$

мұндағы  $f_{se}$  – айнымалы ток көзінің жиілігі (Гц),  
 $P$  – қозғалтқыштағы полюстер саны.

Ротордағы ЭҚК-тің мәні төмендегі белгілі формуламен табылады:

$$e_{ind} = (v \times B) \cdot l \quad (1.2)$$

Мұндағы  $v$  = ротордағы орамдардың жылдамдығы;  
 $B$  = магнит өрісінің индукция векторы;  
 $l$  = магнит өрісіндегі орналасқан ротордағы өткізгіштің ұзындығы;

Ротордың статордың магнит өрісімен салыстырғандағы салыстырмалы қозғалысы ротор стерженьдерінде индукцияланған кернеу тудырады. Ротордың

жоғарғы стерженьдерінің қозғалыс жылдамдығының векторы оңға бағытталған, сондықтан жоғарғы стерженьдердегі кернеу көрсетілген беттен бізге қарай бағытталған, ал төменгі стерженьдердегі кернеу бізден парақ бетіне қарай бағытталады. Бұл токтың жоғарғы стерженьдерінен төменгі стерженьдеріне қарай қозғалатын білдіреді. Бірақ, ротор индуктивті болуы себебінен пайда болған максималды ток максималды кернеуден қалып отырады (2b -сурет көрсетілген). Ротордағы ток  $B_R$  магнит өрісін тудырады.

Сонымен, біз асинхронды қозғалтқышта пайда болатын иінді/моментті төмендегі жолмен таба аламыз:

$$\tau_{ind} = k B_R \times B_S \quad (1.3)$$

Осы векторлық көбейту қолдансақ, пайда болған моменттің сағат тіліне қарсы бағытталаатынын байқаймыз. Моменттің сағат тіліне қарсы бағытталдығы себебінен ротор сағат тіліне қарсы қозғалады.

Бірақ, қозғалтқыштың жылдамдығының белгілі бір жоғарғы шегі бар. Егер ротор синхронды жылдамдықпен қозғалатын болса, ротордың стерженьдері статордың магнит өрісімен салыстырғанда тыныштықта болады, осының нәтижесінде индукцияланған кернеудің мәні нольге тең болады. Егер кернеудің мәні нольге тең болса, токтың мәні нольге тең, осының әсерінен магнит өрісі индукциясының мәні нольге тең болады. Осының нәтижесінде асинхронды қозғалтқыштың роторы синхронды жылдамдыққа дейін үдетілу мүмкін. Алайда ротордың айналу жылдамдығының мәні синхронды жылдамдыққа жетпейді.

### 1.3.3 Асинхронды қозғалтқыштағы ротордың сырғанауы

Асинхронды қозғалтқыштардың роторында пайда болатын кернеу ротордың магнит өрісімен салыстырғандағы жылдамдығы тәуелді. Асинхронды қозғалтқыштың негізге қасиеттері роторда пайда болған мен кернеу мен токқа байланысты болғандықтан, ротордың салыстырмалы жылдамдығын қарастыру мәселесі маңызды болып табылады. Екі маңызды термин ротор мен магнит өрістерінің салыстырмалы қозғалысын зерттеу барысында қолданылады. Оның біріншісі – сырғанау жылдамдығы. Ол синхрондық жылдамдық пен ротордың айналу жылдамдығының айырмасымен анықталады:

$$n_{slip} = n_{sync} - n_m \quad (1.4)$$

мұндағы  $n_{slip}$  = қозғалтқыштың сырғанау жылдамдығы;

$n_{sync}$  = синхрондық жылдамдық;

$n_m$  = ротордың айналу жылдамдығы.

Екінші маңызды термин – сырғанау. Ол төмендегі жолмен табылады:



$$s = \frac{n_{slip}}{n_{sync}} (\times 100\%) \quad (1.5)$$

$$s = \frac{n_{sync} - n_m}{n_{sync}} (\times 100\%) \quad (1.6)$$

Жоғарыда көрсетілген формулаларды бұрыштық жылдамдық арқылы жазса да болады. Ол мынадай:

$$s = \frac{\omega_{sync} - \omega_m}{\omega_{sync}} (\times 100\%) \quad (1.7)$$

Егер сырғанау  $s = 0$ , ротор синхронды жылдамдықпен айналады. Егер сырғанау  $s = 1$  тең болса ротордың жылдамдығы нольге тең.

#### 1.3.4 Ротордағы электрлік жиілік

Жоғарыда айтылғандай, асинхронды қозғалтқыштың роторындағы кернеу мен ток индукцияның нәтижесінде пайда болады. Сондықтан, кейде асинхронды қозғалтқышты айналмалы трансформатор деп атайды. Трансформатордағыдай ротордағы кернеу электромагниттік индукция нәтижесінде пайда болады, бірақ ротордағы кернеудің жиілігі трансформатордағыдай бірдей емес.

Ротордағы кернеудің жиілігі сырғанауды ескере отырып табылады. Ол жиілік статордағы электрлік жиілікпен байланысы төмендегі жол табылады:

$$f_{re} = s f_{se} \quad (1.8)$$

(1.8) формуланы жоғарыдағы көрсетілген формулаларды қолдана отырып, бірнеше түрде жазуға болады.


$$f_{re} = \frac{n_{sync} - n_m}{n_{sync}} f_{se} \quad (1.9)$$

$$f_{re} = (n_{sync} - n_m) \frac{P}{120} f_{se}$$

$$f_{re} = \frac{P}{120} (n_{sync} - n_m) \quad (1.10)$$

### 1.3.5 Асинхронды қозғалтқыштың эквивалентті электрлік тізбегі

Асинхронды қозғалтқыштың эквивалентті электрлік тізбегі трансформатордың эквивалентті электрлік тізбегіне өте ұқсас. Асинхронды қозғалтқыштың эквивалентті электрлік тізбегін алу үшін бастапқыда трансформатордың эквивалентті схемасын қолдануға болады. 3 - сурет асинхронды қозғалтқыштың трансформаторлық модельді пайдалана отырып табылған эквивалентті схемасы көрсетілген.



1.3 – сурет - Асинхронды қозғалтқыштың трансформаторлық моделі.  
Статор мен ротордағы орамдардың қатынасы  $a_{\text{eff}}$  – ге тең.

### 1.3.6 Роторлық тізбектің моделі

Жалпылама айтқанда, егер ротор мен статордың магнит өрістерінің салыстырмалы қозғалыстары көбейген сайын, пайда болатын ротордағы кернеу мен жиіліктің мәні артады.

Ең үлкен салыстырмалы қозғалыс ротор тыныштықта болған кезде пайда болады. Бұл күйді блокталған ротор немесе құлыптаған ротор деп атайды. Ең аз кернеу (0 В) және (0 Гц) электрлік жиілік ротор статордағы магнит өрісінің айналу жылдамдығына тең жылдамдықпен айналғанда пайда болады. Бұл жағдайда ротор мен статордың магнит өрісінің арасында салыстырмалы қозғалыс жоқ. Ротордағы пайда болған кернеу мен электрлік жиілік ротордың сырғанауынан тікелей тәуелді. Бастапқыда ротор тыныштықта тұрған сәттегі электрлік кернеу  $E_{R0}$ -ге тең. Кез-келген сырғанаудың мәніндегі электрлік кернеудің мәні:

$$E_R = sE_{R0} \quad (1.11)$$

ал пайда болған ротордағы электрлік жиілік төмендегі жолмен анықталады:

$$f_{re} = sf_{se} \quad (1.12)$$

Ротордың кедергісі  $R_R$  сырғанаудан тәуелсіз және оның мәні тұрақты. Ал ротордың реактивті кедергісінің мәніне сырғанау әсер етеді.


Ротордың реактивтілігі ротордың индуктивтілігінен, кернеу мен ротордағы ток күшінен тәуелді. Ротордың индуктивтілігі  $L_R$  және ротордың реактивті кедергісі :

$$X_R = \omega_{re} L_R = 2\pi f_{re} L_R$$

(1.8) формуланы қолдансақ,

$$X_R = 2\pi s f_{se} L_R = s(2\pi f_{se} L_R) = s X_{R0} \quad (1.13)$$

Мұндағы  $X_{R0}$  ротордың құлыптағалған кездегі реактивтілігі.



1.4 - сурет - Асинхронды қозғалтқыштың ротордың тізбелік моделі.


1.4 - сурет ротордың эквивалентті схемасын қолдана отырып, ротордағы токты табуға болады.

$$I_R = \frac{E_R}{R_R + j X_R}$$

$$I_R = \frac{E_R}{R_R + j s X_{R0}} \quad (1.14)$$

немесе

$$I_R = \frac{E_{R0}}{\frac{R_R}{s} + j X_{R0}} \quad (1.15)$$




1.5 - сурет - Ротордың эквивалентті тізбегі. Мұндағы тізбекте сырғанау  $R_R$  бөлігінде көрсетілген.

(1.15)-ші формуланы қолдана отырып 1.5 - суретте көрсетілген тізбекті салуға болады.

Ротордың эквивалентті толық кедергісі төмендегідей анықталады:

$$Z_{R,eq} = \frac{R_R}{s} + jX_{R0} \quad (1.16)$$

Ротордағы ток күшінің ротордың айналу жылдамдығынан тәуелді графигі 1.6 – суретте көрсетілген.




1.6 – сурет - Ротордағы ток күшінің ротордың айналу жылдамдығынан тәуелділігі.



1.6 - сурет ротордағы индукцияланған ток күші мен оның ротордың айналу жылдамдығынан тәуелділігі көрсетілген. Ол суреттен байқағанымыздай, ротордың айналу жылдамдығы нольге тең мезетінде ротордағы ток күші максималды мәнді қабылдайды. Ротордың жылдамдығы синхронды жылдамдыққа тең мезетінде ротордағы ток күшінің мәні нольге тең екендігіне көз жеткіземіз.

### 1.3.7. Асинхронды қозғалтқыштың эквивалентті тізбегінің соңғы түрі

Жоғарыда асинхронды қозғалтқыштың бастапқы эквивалентті схемасы көрсетілген еді. Сонымен қатар, ротордың эквивалентті тізбегінде біз жазып, талқылап кеттік. Ал енді асинхронды қозғалтқыштың эквивалентті тізбегі 1.7 - суретте соңғы түрі көрсетілген.



1.7 – сурет - Асинхронды қозғалтқыштың бір фазалы эквивалентті тізбегі.

Суретте көрсетілген параметрлерді төмендегі формулалар тізімімен тапсақ болады:

$$E_1 = E'_R = a_{eff} E_{R0} \quad (1.17)$$

$$I_2 = \frac{I_R}{a_{eff}} \quad (1.18)$$


$$Z_2 = a_{eff}^2 \left( \frac{R_R}{s} + j X_{R0} \right) \quad (1.19)$$

$$R_2 = a_{eff}^2 R_R \quad (1.20)$$

$$X_2 = a_{eff}^2 X_{R0} \quad (1.21)$$

### 1.3.8 Асинхронды қозғалтқыштардың қуаты мен моменті

Асинхронды қозғалтқыштың статорына келетін қуаттың  $P_{in}$  барлығы пайдалы механикалық энергияға жұмсалмайды. Қозғалтқышқа кіретін қуаттың ең бірінші бөлігі статордың орамдарында жұмсалады. Оны статорлық шығындар (ағылшын тілінде *the stator copper losses*  $P_{SCL}$ ) деп аталады. Оның пайда болу себебі статордағы орамдардың кедергісімен байланысты. Келесі қуаттың бөлігі гистерезис және эдди токтарына байланысты жоғалады. Олардың статордың өзектегінде жоғалытындықтан оларды ағылшынша *core losses*  $P_{core}$  деп атайды. Осыдан кейін қалған қуат немесе энергия статор мен ротордың арасындағы ауа қабаты арқылы роторға жетеді. Бұл қуатты ауа қабатының қуаты (ағылшынша бұл қуат *air-gap power*  $P_{AG}$ ) деп атайды. Роторға жеткен қуаттың бір бөлігі ротордың орамдарының кедергісінің нәтижесінде жоғалады (олардың ағылшын тіліндегі атауы – *rotor copper loss*  $P_{RCL}$ ). Ал қалған бөлігі электрлік түрден механикалық түрге ауысады. Бірақ, мұнда үйкеліспен және басқа себептерге байланысты қуат жоғалады (олардың ағылшынша атаулары – *friction and windage losses*  $P_{F\&W}$  және *stray losses*  $P_{misc}$ ). Осы барлық жоғалған қуаттарды бастапқы қуаттан алатын болсақ біз пайдалы қуатты аламыз. Оны төмендегі 1.8 – суретте көрсетілгендей  $P_{out} = \tau_{load}\omega_m$  белгіленген.



1.8 – сурет - Асинхронды қозғалтқыштың қуат ағынының диаграммасы.

1.7 – сурет асинхронды қозғалтқыштың эквивалентті тізбегінің көмегімен қуат пен момент үшін теңдеулерді шығарып алуға болады.

Қозғалтқыштың бір фазасының кірісіндегі ток күші кірісті кернеуді эквиваленттік тізбектің толық кедергісіне қатынасына тең:

$$I_1 = \frac{V_\phi}{Z_{eq}} \quad (1.22)$$

мұндағы 
$$Z_{eq} = R_1 + jX_1 + \frac{1}{G_C - jB_M + \frac{1}{\frac{R_2}{s} + jX_2}} \quad (1.23)$$

Статордағы орамдарымен байланысты шығындар яғни *stator copper losses* төмендегідей табылады:

$$P_{SCL} = 3I_1^2 R_1 \quad (1.24)$$

Статордың өзегіндегі шығындар (*core losses*)

$$P_{core} = 3 E_1^2 G_C \quad (1.25)$$

Статор мен ротордың арасындағы ауа қабатына жететін қуатты жоғарыдағы формулаларды қолдана отырып жеңіл есептесе болады. Оның мәні

$$P_{AG} = P_{in} - P_{SCL} - P_{core} \quad (1.26)$$

Егер асинхронды қозғалтқыштың эквивалентті схемасына көз салып қарайтын болсақ, ауа қабатына келетін қуатты тізбектегі  $\frac{R_2}{s}$  резисторымен қолданылатын байқауға болады. Ауа қабатына келетін қуаттың тағы бір формуласы (*air-gap power*):

$$P_{AG} = 3 I_2^2 \frac{R_2}{s} \quad (1.27)$$

Ротордың кедергісінің нәтижесіндегі резисторлық шығындар

$$P_{RCL} = 3I_R^2 R_R \quad (1.28)$$

Жоғарыдағы қуаттық шығынды тағы төмендегідей формада жазуға болады

$$P_{RCL} = 3I_2^2 R_2 \quad (1.29)$$

Статордың кірісіндегі қуаттан статордағы шығындарды және ротордың орамдарымен байланысты шығындарды алып тастасақ, біз механикалық түрге түрленетін электрлік қуатты табамыз.

$$P_{conv} = P_{AG} - P_{RCL} = 3I_2^2 \frac{R_2}{s} - 3I_2^2 R_2 = 3I_2^2 R_2 \left( \frac{1}{s} - 1 \right)$$

$$P_{conv} = 3I_2^2 R_2 \left( \frac{1-s}{s} \right) \quad (1.30)$$

Егер (28) бен (30) өрнектерді байланыстыратын болсақ, төмендегі жаңаша түрдегі өрнекті таба аламыз:

$$P_{conv} = sP_{AG} \quad (1.31)$$

$$P_{conv} = P_{AG} - P_{RCL} = P_{AG} - sP_{AG} \quad (1.32)$$

Егер үйкелістің әсерінен және тағы басқа кездейсоқ пайда болатын шығындар белгілі болса, сыртқа шығатын пайдалы қуатты таба аламыз:

$$P_{out} = P_{conv} - P_{F\&W} - P_{misc} \quad (1.33)$$

Жоғарыдағы формуланы пайдалана отырып, пайда болатын күш моментін/инді табу қиынға соқпайды. Барлығыза белгілі күш моментімен қуаттың арасында белгілі бір байланыс бар. Ол төмендегідей:


$$\tau_{ind} = \frac{P_{conv}}{\omega_m} \quad (34)$$

Егер де жоғарыдағы көрсетілген механикалық қуатқа түрленген қуаттың өрнегі бұрыштық жылдамдықтың синхронды бұрыштық жылдамдығымен байланысын өрнегін (34) формулаға қоятын болсақ, төмендегі байланысты аламыз:

$$\tau_{ind} = \frac{P_{AG}}{\omega_{sync}} \quad (35)$$

Ротордың өткізгіш орамдарынан себебінен туындайтын шығындарды механикалық түрге түрленетін қуаттан бөліп қарастыруға мүмкіндік беретін асинхронды қозғалтқыштың эквивалентті схемасын алуға болады. Оның түрі төмендегі 1.9 – суретте көрсетілген.





1.9 – сурет - Статордың өзегі мен ротордың өткізгішінің шығындары бөлінген.

Жоғарыдағы тізбектерде  $R_2/s$  кедергіде ротордың өткізгішінің кедергісінің нәтижесінде пайда болатын шығында және механикалық қуатқа түрленетін қуат та отырған еді. Ал енді жоғарыдағы Сурет – 9 -да көрсетілген тізбекте ол екеуі бөлінген.

$$R_{conv} = \frac{R_2}{s} - R_2 = R_2 \left( \frac{1}{s} - 1 \right)$$

$$R_{conv} = R_2 \left( \frac{1-s}{s} \right) \quad (1.36)$$

$R_{conv}$  – дің мәнін біле отырып, біз механикалық қуатты оңай таба аламыз.

## 2. MetalMaster OSA-400 N-2.2 абразивті кесу машинасы

Бұл дипломдық жұмыста жиһаз өнеркәсібінде қолданатын МеталлМастер компаниясымен ұсынылған MetalMaster OSA-400 N -2.2 абразивті кесу машинасының асинхронды қозғалтқышын қарастыратын боламыз. Бұл кесу машинасы жиһаз өнеркәсібінде темірден жасалған бұйымдарды керекті өлшемде кесу үшін қолданады. Сурет – 10 -да MetalMaster OSA-400 N -2.2 абразивті кесу машинасының түрі көрсетілген.



2.1 - MetalMaster OSA-400 N -2.2 абразивті кесу машинасы [6].

MetalMaster OSA-400 N -2.2 абразивті кесу машинасының негізгі бөлігі-асинхронды қозғалтқыш болып табылады. Асинхронды қозғалтқыштың қуаты – 2,2 кВт, 380 В кернеу көзінен қоректенеді [6]. Электр желісінің жиілігі– 50 Гц болуы қажет. Кесуші дискінің айналу жылдамдығы – 3000 айналым/мин. MetalMaster OSA-400 N -2.2 абразивті кесу машинасының толық массасы 82 кг [6].

### 3. Асинхронды қозғалтқыштың негізгі сипаттамаларын анықтау эксперименттік жолмен анықтау

Асинхронды қозғалтқышты теориялық зерттеу жүргізу үшін бізге оның негізгі сипаттамаларын эксперименттік түрде тауып алу қажет. Негізгі сипаттамаларын анықтау мақсатында 3 түрлі сынақ өткізеді. Олар :

DC сынақ (*DC Test*)

Құлыпталған роторды сынау (*Blocked Rotor Test*)

Жүктемесіз сынақ (*No Load Test*)


Хакан Чалыш пен Эюп Чакыдың жұмысында осы асинхронды қозғалтқыштың негізгі сипаттамаларын табу үшін эксперименттік қондырғы жинаған [7]. Қондырғының көрінісі төмендегі Сурет-11-де көрсетілген.



3.1 – сурет - Асинхронды қозғалтқыштың негізгі сипаттамаларын алуға көмектесетін қондырғының үлгісі [8].

Осы көрсетілген қондырғының жұмыс істеу блок диаграммасы 3.2 – суретте көрсетілген. Бұл қондырғыда байқалып тұрғандай, бірнеше сенсорлар мен өлшегіш құралдар орнатылған. Айта кетерлік жайт, асинхронды қозғалтқыштың роторында пайда болатын иінді өлшеу үшін ротордың білігіне моментті өлшегіш сенсор орнатылған. Осы авторлардың жасаған жұмысында басқа эксперименттік жұмыстардан ерекшелігі әрбір сенсордан алынған мәліметтер компьютерге орнатылған арнайы LabView программасымен бақылауға мүмкіндік береді.


Жоғарыда аталған жұмыста қуаты 2,2 кВт, 940 айн/мин, 380В Y-жалғанған, 5.4 А,  $\cos \Phi = 0.76$ , 50 Гц болатын асинхронды қозғалтқыштың негізгі сипаттамалары эксперименттік жолмен алынған. Осы дипломдық жұмыста да осы тектес асинхронды қозғалтқыш зерттеліп отыр. Осы жұмысқа аталып өткен эксперименттік жұмыстың нәтижелерін қолданса болады деген қорытынды жасауға болады.



3.2 – сурет- Эксперименттік қондырғының жұмыс істеу блок диаграммасы [8].

### Жүктемесіз сынақ (No Load Test)

Асинхронды қозғалтқышты жүктемесіз сынау қозғалтқыштың айналу шығындарын өлшейді және оның магниттелу тогы туралы ақпарат береді. Осы сынақтың негізгі электрлік тізбегі төмендегі суретте келтірілген. Ваттметр, вольтметр және үш амперметр еркін айнала алатын асинхронды қозғалтқышқа қосылған. Қозғалтқышқа түсетін жалғыз жүктеме - бұл үйкеліс және орама шығындары, сондықтан осы қозғалтқыштағы барлық  $P_{\text{conv}}$  механикалық шығындарға жұмсалады, ал қозғалтқыштың сырғуы өте аз (мүмкін, 0,001 немесе одан да аз).




3.3 – сурет - Асинхронды қозғалтқышты жүктемесіз сынау үлгісінің электрлік тізбегі [5].

Жүктемесіз сынақтың эквивалентті электрлік тізбегі төмендегі 3.4 - суретте көрсетілген. Өте аз сырғудың мәнінде, оның қуат түрлендіргішіне сәйкес келетін кедергі,  $R_2(1 - s)/s$ , ротордың мыс шығындарына сәйкес келетін  $R_2$  кедергісінен әлдеқайда үлкен және ротордың реактивті кедергісі  $X_2$ -ден де



әлдеқайда үлкен. Осының арқасында эквивалентті электрлік тізбек ретінде 3.4 - суретте көрсетілген ең соңғы тізбекті қарастыруға болады. Мұнда, шығыс резисторы магнетизация реактивлігі  $X_M$  және өзек шығындары  $R_C$  параллель орналасқан.



3.4 – сурет - Жүктемесіз сынақтың эквивалентті электрлік тізбегі [5].

Жүктемесіз күй жағдайында бұл қозғалтқышта, өлшегіш құралдармен тіркелген кірістегі қуат шығындарға тең болады. Ротордағы мыс шығындары елемеуге болады, өйткені  $I_2$  тогы өте аз. Статордағы мыс шығындары (*the stator copper losses*) төмендегі жолмен анықталады:

$$P_{SCL} = 3I_1^2 R_1 \quad (3.1)$$

кірістегі қуат мынаған тең

$$P_{in} = P_{SCL} + P_{core} + P_{F\&W} + P_{misc} = 3I_1^2 R_1 + P_{rot} \quad (3.2)$$

мұндағы  $P_{rot}$  – қозғалтқыштың айналым кезіндегі шығандары:

$$P_{rot} = P_{core} + P_{F\&W} + P_{misc} \quad (3.3)$$

Осы сынақ барысының кірісіндегі қуатты біле отырып, біз айналмалы қозғалыс кезінде туындайтын шығындарды таба аламыз.

Қозғалтқыштың осы жағдайда жұмысын сипаттайтын эквиваленттік схема магниттеуші реактивтілікпен параллель жалғанған  $R_C$  және  $R_2(1 - s)/s$  резисторларын қамтиды. Индукциялық қозғалтқышта магнит өрісін құру үшін қажетті ток әжептәуір үлкен, себебі оның ауа саңылауының үлкен магниттік кедергісі бар, сондықтан  $X_M$  реактивтілігі онымен параллель жалғанған резисторларға қарағанда әлдеқайда кіші болады және жалпы кіріс қуат коэффициенті өте төмен болады. Үлкен артта қалған токпен, кернеудің көп бөлігі схемадағы индуктивті компоненттерге түседі. Сондықтан эквиваленттік кіріс кедергісі шамамен

$$|Z_{eq}| = \frac{V_\phi}{I_{1,nl}} \approx X_1 + X_M \quad (3.4)$$


Егер де  $X_1$  табылатын болса,  $X_M$  қозғалтқыш үшін оңай табылатын болады.

#### *DC сынақ (DC Test)*

Асинхронды қозғалтқыштың жұмысында ротордың  $R_2$  кедергісі өте маңызды рөл атқарады. Басқа да факторлармен қатар,  $R_2$  момент-жылдамдық қисығының пішінін анықтап, тарту моменті пайда болатын жылдамдықты анықтайды. Стандартты қозғалтқыш сынағы, яғни ротордың құлыпталу сынағы, қозғалтқыштың жалпы схема кедергісін анықтау үшін қолданылады. Алайда, бұл сынақ тек жалпы кедергіні анықтайды. Ротордың  $R_2$  кедергісін дәл анықтау үшін, жалпы кедергіден алу үшін  $R_1$  кедергісін білу қажет.

Мұнда  $R_2$ ,  $X_1$ ,  $X_2$  – тәуелсіз  $R_1$  – ді табу үшін сынақ бар. Бұл сынақ түрін тұрақты ток сынағы деп аталады (*dc test*). Негізінде индукциялық қозғалтқыштың статор орамдарына тұрақты ток (тұрақты кернеу) беріледі. Ток тұрақты болғандықтан, ротор тізбегінде индукцияланған кернеу болмайды және сәйкесінше роторда ток ағымы жоқ. Сондай-ақ, тұрақты ток кезінде қозғалтқыштың реактивтілігі нөлге тең. Сондықтан қозғалтқыштағы ток ағымын шектейтін жалғыз шама - статордың кедергісі, және бұл кедергіні анықтауға болады.

Тұрақты ток сынағының негізгі схемасы 3.5 - суретте көрсетілген. Бұл суретте  $Y$ -байланысты индукциялық қозғалтқыштың үш терминалының екеуіне қосылған тұрақты ток көзін көрсетеді. Сынақты орындау үшін, статор орамдарындағы ток номиналды мәнге реттеледі және терминалдар арасындағы кернеу өлшенеді. Статор орамдарындағы ток орамдарды қалыпты жұмыс кезінде болатын температураға дейін қыздыру мақсатында номиналды мәнге реттеледі (есте сақтайтын жайт, орамның кедергісі температураға тәуелді).



3.5 – сурет - Тұрақты ток сынағының үлгісі [6]

3.5 - суреттегі ток екі орам арқылы өтеді, сондықтан ток жолындағы жалпы кедергі  $2R_1$  болады. Сондықтан,

$$2R_1 = \frac{V_{DC}}{I_{DC}} \quad (3.5)$$

немесе


$$R_1 = \frac{V_{DC}}{2 I_{DC}} \quad (3.6)$$

Осы  $R_1$  мәнімен бос жүрістегі статордың мыс шығындарын анықтауға болады, ал айналмалы шығындарды бос жүрістегі кіріс қуаты мен статордың мыс шығындарының арасындағы айырмашылық ретінде табуға болады.

#### *Бұғатталған роторлық сынақ (The Locked – Rotor Test)*

